Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен АҚШ долларымен, оның ішінде облигация ұстаушыларға - Қазақстан Республикасының резиденттеріне "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі № 167-VI Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5) тармақшасына сәйкес жүзеге асырады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді. Облигацияларға ақы төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «Биржа») ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Купондық сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 7,5% (жеті жарым пайыз), облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне тіркелген.

2) сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналысының басталған күнінен бастап әрбір 3 (үш) ай сайын жылына 4 (төрт) рет жүргізіледі.

3) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн:

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі және Облигациялардың айналысы мерзімінің соңғы күні аяқталады.

4) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, Облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі - «Тіркелген күн») Шығарушының бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

Сыйақы төлеу Тіркелген күнгі жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына Шығарушының ақша аударуы арқылы тіркелген күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүзеге асырылады. Әрбір Облигация ұстаушысына төлем жасалатын күнге төлеуге тиісті купондық сыйақы сомасы тиісті Облигация ұстаушысына тиесілі орналастырылған Облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының тоқсандық мөлшерлемесінің (төртке бөлінген Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі) туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалардың саны және дөңгелектеу әдісі Биржаның ережелеріне сәйкес анықталады. Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде уақыт базасы есебімен жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн жүргізіледі.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыруда қосымша көрсетілетіндер:

1) ақша талаптарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары мен болжамды мерзімдері;

2) облигация ұстаушыларына базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясы органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат беру тәртібі;

3) арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын активтерді инвестициялық басқару және жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен байланысты шығыстарының тізбесі.

Шығарушы арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюриттеуде қосымша көрсетілетіндер:

1) оригинатордың, инвестициялық қоржынды басқарушы кастодиан банкінің, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;

2) секьюриттеу мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүргізу тәртібі;

4) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;

5) секьюриттеу мәмілесі бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығыстар және арнайы қаржы компаниясы аталған шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар;

6) оригинатордың және секьюриттеу мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюриттеуді қолдануы тәжірибесі жайлы мәліметтер;

7) секьюриттеу мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжамды талдауы;

8) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері;

9) облигациялық бағдарлама аясында шығарылған әртүрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу кезектілігі.

Шығарушы арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

1) облигацияларды орналастыруды бастау күні:

Облигацияларды орналастыруды бастау күні Облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.

2) облигацияларды орналастырудың аяқталу күні:

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күні болып табылады.

3) облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):

Облигацияларды орналастыру ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырылады.

9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:

1) облигациялар айналысының басталу күні:

Облигациялар айналысының басталу күні Биржаның ережелеріне сәйкес жүргізілетін Биржаның сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша Алғашқы өткізілген сауда-саттық жүргізу күні болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланады.

2) облигациялар айналысының аяқталу күні:

Облигациялар айналысының аяқталу күні Облигациялардың айналысы мерзімінің соңғы күні болып табылады.

3) облигациялар айналысының мерзімі:

Облигациялар айналысының мерзімі Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жылды құрайды.

4) облигациялар айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):

Облигациялар айналысы ұйымдастырылған нарықта да, сондай-ақ ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында да жоспарланады.

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні:

Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

2) облигацияларды өтеу тәсілі:

Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу төлемдері Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеумен жүзеге асырылады. Негізгі борыш сомасын өтеу көрсетілген төлемді алу құқығына ие және Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

3) Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен атаулы құнды төлеу облигациялар шығару аңдатпасына сәйкес өзге де мүлктік құқықтармен жүргізілсе, бұл құқықтардың, олардың сақталуы тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын жүзеге асыру тәртібі көрсетіледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды өтеуін төлеп алудың қосымша шарттары болған жағдайда көрсетілетіндер:

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы Заң») 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды шығару үшін өтеуін төлеп алудың қосымша шарттары жоқ. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында шығарушылардың бастамасы бойынша облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүзеге асыру тәртібі көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Шығарушының

орналастырылған облигацияларды өтеуін төлеп алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

1) облигацияларды өтеуін төлеп алу құқығын жүзеге асыру тәртібі, шарттары:

Қатысушылардың жалпы жиналысы тиісті шешім қабылдаған жағдайда Шығарушы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда Облигацияларды олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде толық немесе ішінара өтеуін төлеп алуға құқылы.

Шығарушымен облигацияларды өтеуін төлеп алу құны:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында өтеуін төлеп алуды жүзеге асыру кезінде - жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құны бойынша;
- ұйымдастырылмаған нарықта өтеуін төлеп алуды жүзеге асыру кезінде - Шығарушымен және Шығарушы өтеуін төлеп алған кезде өзіне тиесілі Облигацияларды сатуды жоспарлаған Облигацияларды ұстаушымен келісілген баға бойынша анықталады.

Орналастырылған Облигациялардың (өтеуін төлеп алынғандарын шегергендегі) саны туралы ақпаратты шығарушы Биржаның ережелеріне сәйкес Биржаға ашады. Шығарушының облигацияларды өтеуін төлеп алуы Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сондай-ақ Шығарушының өз облигацияларымен мәмілелер жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға әкеп соқпауы тиіс.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда өтеуін төлеп алынған Облигациялар өтелген деп саналмайды және Шығарушы өзінің өтеуін төлеп алынған Облигацияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде қайта сатуға құқылы.

2) облигацияларды өтеуін төлеп алу құқығын жүзеге асыру мерзімдері:

Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысы Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шығарушы Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - «ҚЕД») (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- Облигацияларды өтеуін төлеп алу жүзеге асырылатын нарықты (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған) көрсету;
- өтеуін төлеп алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүргізу күні;
- есептеу тәртібі, соның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың өтеуін төлеп алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан өтеуін төлеп алынған Облигацияларға ақы төлеу үшін ақшалай қаражат аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін - Облигацияларды өтеуін төлеп алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісін көрсету.

Шығарушымен орналастырылған Облигацияларды өтеуін төлеп алуды Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен анықталған күні жүзеге асырады.

Облигациялар ұйымдастырылмаған нарықта өтеуін төлеп алынған жағдайда оларға тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигацияларды ұстаушылар Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдаған Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Шығарушының атына тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Облигацияларды ұйымдастырылған нарықта өтеуін төлеп алған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда көрсетілетіндер:

1) Шығарушы қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде Шығарушы мынадай қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы тиіс:

а) Шығарушы мен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;

б) Шығарушы мен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарында белгіленген Шығарушының жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі шығарушының іс-қимыл тәртібі:

Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез-келгені бұзылған жағдайда Шығарушы бұзушылық басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, аталған бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Көрсетілген ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысы өтеуін төлеп алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төмендегілер туралы шешім қабылдауға міндетті:

- Облигацияларды өтеуін төлеп алу;
- өтеуін төлеп алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүргізу күні: бұл ретте өтеуін төлеп алуды жүргізу күні Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысы Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін күнге белгіленуі тиіс;
- есептеу тәртібі, соның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың өтеуін төлеп алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б)

Облигацияларды ұстаушыға одан өтеуін төлеп алынған Облигацияларға ақы төлеу үшін ақшалай қаражат аудару тәртібі;

▪ ұйымдастырылған нарық үшін - Облигацияларды өтеуін төлеп алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісін көрсету.

- Шығарушы Облигацияларды өтеуін төлеп алуды ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысы Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шығарушы Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті.

Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- өтеуін төлеп алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүргізу күні;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың өтеуін төлеп алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан өтеуін төлеп алынған Облигацияларға ақы төлеу үшін ақшалай қаражат аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін - Облигацияларды өтеуін төлеп алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісін көрсету.
- Шығарушы Облигацияларды өтеуін төлеп алуды ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Орналастырылған Облигацияларды өтеуін төлеп алуды Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысы Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Шығарушы жүзеге асырады. Шығарушы Облигацияларды ұстаушылардың талап етуімен Облигацияларды келесі бағалардың ең үлкенімен өтеуін төлеп алуға міндетті:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;
- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

3) ковенанттар бұзылған кездегі Облигацияларды ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:

Шығарушының қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез-келгенін бұзғаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Шығарушының осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез-келгенін бұзғаны туралы ақпаратты алғаш жариялағаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар өтеуін төлеп алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, Шығарушының атына өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы жазбаша өтініштерді беруге құқылы, ал Шығарушы бұл өтініштерді қабылдауға міндетті. Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысының Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы, соның ішінде облигацияларды өтеуін төлеп алу күні туралы шешімді қабылдағаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Облигацияларды ұстаушы өзіне тиесілі барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы өтініш беруі тиіс:

- ✓ заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; өтеуін төлеп алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;
- ✓ жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефоны; банк деректемелері; өтеуін төлеп алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысының Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы тиісті шешімімен Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы жазбаша өтініштерінде қосымша мәліметтерді көрсету қажеттігі көзделуі мүмкін. Өтеуін төлеп алу ұйымдастырылған нарықта жүргізілген жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі. Өтеуін төлеп алу ұйымдастырылмаған нарықта жүргізілген жағдайда Облигацияларды ұстаушы Облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүргізген күні Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийдің атына Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімінде айқындалған тәртіппен өзіне тиесілі Облигацияларды есептен шығару бұйрығын беруі тиіс. Өтеуін төлеп алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылар осы аңдатпада көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.

13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және оларды орналастыру бағасын айқындау тәртібі, мұндай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталатын болса, облигациялар шығарылымы айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуы тиіс екені көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, осы шығарылымның өтеуін төлеп алынған облигациялары одан әрі орналастыруға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Аталған шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын шығарушының мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) аталған мүлктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;
- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану тәртібі.

Аталған шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсете отырып кепілдік берген банктің деректері:

Аталған шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

16. Концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары - инфрақұрылымдық облигациялар шығару кезінде:

Аталған шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

1) шығарушы облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:

Облигацияларды орналастырудан тартылған ақша Қазақстан Республикасының аумағындағы жеке кәсіпкерлерге, жеке және заңды тұлғаларға микрокредиттер беруді қаржыландыруға бағытталады

2) инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.

Аталған шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

18. Талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығаруда

Шығарушы бұрынырақ орналастырған, айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша (шығарушы өтеуін төлеп алған облигацияларды шегергенде) аталған облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:

Аталған шығарылымның облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

19. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

1) Облигацияларды өтеу кезінде осы аңдатпада көзделген тәртіппен және мерзімдерде номиналды құнды алу құқығы;

2) Облигациялар бойынша осы аңдатпада көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ережелеріне сәйкес және тәртіппен Шығарушының қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

5) Облигацияларды еркін сату және басқаша иелік ету құқығы;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы аңдатпада көзделген жағдайларда Шығарушының облигацияларды өтеуін төлеп алуын талап ету құқығы. Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге өз құқықтарын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері бұдан әрі осы тармақшада көрсетілген:

а) Шығарушы Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез-келгенін бұзуға жол берген жағдайда және Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге құқығы бар.

Шығарушы Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген талаптардың кез-келгенін бұзуға жол берген жағдайда өтеуін төлеп алу жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар орын алған жағдайда Шығарушы орналастырылған Облигацияларды келесі бағалардың ең үлкенімен өтеуін төлеп алуды жүзеге асыруға міндетті: (i) жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен; (және) Облигациялардың әділ нарықтық бағасымен. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген өтеуін төлеп алуға негіздердің кез-келгені орын алған жағдайда, Шығарушы көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына Облигацияларды өтеуін төлеп алуға негіздің орын алғаны туралы ақпаратты жеткізуі тиіс. Аталған ақпарат Облигацияларды өтеуін төлеп алуға негіздердің қайсысы орын алғанының егжей-тегжейлі сипаттамасын, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпаратты қамтуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама бірінші рет жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар өтеуін төлеп алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, өтеуін төлеп алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Шығарушы оны қабылдауға міндетті. Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысы өтеуін төлеп алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде келесілер туралы шешім қабылдауға міндетті:

- Облигацияларды өтеуін төлеп алу;
- Облигацияларды өтеуін төлеп алу жүргізілетін баға;
- өтеуін төлеп алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүргізу күні - бұл ретте өтеуін төлеп алуды жүргізу күні Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысы Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін күнге белгіленуі тиіс;
- есептеу тәртібі, соның ішінде:

(а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың өтеуін төлеп алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан өтеуін төлеп алынған Облигацияларды төлеуге ақшалай қаражат аудару тәртібі;

- Шығарушының Облигацияларды өтеуін төлеп алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Шығарушыға қатысушылардың жалпы жиналысы Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шығарушы Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті.

Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- есептеу тәртібін көрсете отырып, Облигацияларды өтеуін төлеп алу жүргізілетін баға;
- өтеуін төлеп алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды өтеуін төлеп алуды жүргізу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың өтеуін төлеп

алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан өтеуін төлеп алынған Облигацияларды төлеуге ақшалай қаражат аудару тәртібі;

- Шығарушының Облигацияларды өтеуін төлеп алуды ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Орналастырылған Облигацияларды өтеуін төлеп алуды Шығарушыға Қатысушылардың жалпы жиналысы Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Шығарушы жүзеге асырады.

б) осы аңдатпада көзделген дефолт оқиғасы болған жағдайда. Дефолт оқиғасы болған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге өз құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы аңдатпаның 20-тармағында көрсетілген.

в) ковенанттардың (шектеулердің) кез-келгенін бұзу орын алғанда және Шығарушы осы аңдатпада көзделген мерзімде оны жоймаған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың осы аңдатпаның 12-тармағында көзделген шарттармен, тәртіпте және мерзімдерде өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге құқығы бар.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

20. Орын алған жағдайда шығарушының облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) Орын алған жағдайда шығарушының облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалардың тізбесі:

Дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау. Шығарушының Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «дефолт оқиғасы») Шығарушының негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы аңдатпада белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау болып табылады.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғандағы облигациялар бойынша шығарушы қолданатын шаралар:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Шығарушы мерзімі өткен әрбір күн үшін (айыпақы есептеудің соңғы күні нақты төлем күні болып табылады) Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын немесе оның тиісті бөлігін төлеу туралы ақшалай міндеттемені орындау күніне (нақты төлем күні) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып, Облигацияларды ұстаушыларға айыпақыны есептеп, төлеуге міндетті.

Егер орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болса, Шығарушы Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған мән-жайлар (табиғи құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) саналады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Шығарушының осы аңдатпада көзделген міндеттемелерін орындауы мерзімі мұндай мән-жайлар мен олардың салдарлары күшінде болатын уақыт кезеңіне сәйкестей отырып кейінге қалдырылады. Міндеттемелерді қайта

құрылымдау тәртібі мен шарттарын Шығарушы Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Шығарушының міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қатысушылардың жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, соның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып қабылдайды. Шығарушы дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген мерзімде, тәртіпте және тәсілдерді қолдана отырып Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді. Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Шығарушы жинақталған сыйақыны ескеріп, өтеуін төлеп алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағамен Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Шығарушы Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа Шығарушы дайындаған өз төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы аңдатпаға енгізілуі мүмкін өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуі тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Шығарушының өз төлем қабілеттілігін қалпына келтіруі мүмкін еместігі жайлы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ егер Шығарушы борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде, Облигацияларды ұстаушылардан алынған жазбаша талаптарға сәйкес Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және Облигацияларды өтеуін төлеп алу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда Шығарушының және Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың кейінгі әрекеттері оңалту және банкроттық саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсе, Шығарушыға Қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі аталған іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

3) шығарушының орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың шығарушыға қоятын талаптарымен жүгінуі тәртібі, шығарушы облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда шығарушының міндеттемелері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігін артатын тұлғаларға қатысты мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы туындағанда Шығарушы мұндай дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады.

Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Шығарушы тиісті оқиға туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) оның

ережелерінде белгіленген тәртіппен және ҚЕД ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орналастыру арқылы осы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Шығарушының ақпараттық хабарында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- ✓ Дефолт оқиғасының туындауына әкеп соққан себептердің толық сипаттамасы;
- ✓ орындалмаған міндеттемелер көлемі туралы мәліметтер;
- ✓ Облигацияларды ұстаушылардың Шығарушыға талаппен жүгінуінің тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері;
- ✓ Дефолт оқиғасының туындауына әкеп соққан себептерді жою үшін Шығарушы қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- ✓ Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- ✓ Шығарушының шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Көрсетілген ақпаратты ашуды өзге заңды тұлғаға тапсыру көзделмеген.

4) Шығарушы облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда шығарушының міндеттемелері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігін артатын тұлғалармен жасасқан шарттың күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелген күні (мұндай тұлғалар болған жағдайда).

Шығарушы Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Шығарушының міндеттемелері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігін артатын тұлғалар жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңіндегі сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті шығарушының ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:

Облигациялар бойынша сыйақылар төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы аңдатпаның 1-қосымшасында келтірілген.

22. Шығарушының Облигацияларын ұстаушылардың өкілі жайлы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;

2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;

3) шығарушының облигацияларды ұстаушылар өкілімен жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Аталған аңдатпаның облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды, осыған байланысты Облигацияларды ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.

23. Шығарушының төлем агенті туралы мәліметтер (болған жағдайда):

1) төлем агентінің толық атауы;

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірісті (облигациялардың атаулы құнын) төлеуді жүзеге асыратын барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;

3) шығарушының төлем агентімен жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Облигациялар бойынша төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақы мен атаулы құнды төлеуді Шығарушы өзі жүзеге асырады.

24. Шығарушының кеңесшілері туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және онда болуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету жөнінде шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):

1) шығарушының бағалы қағаздарының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және онда болуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

- толық атауы: «BCC Invest» Акционерлік қоғамы («Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы);

- қысқартылған атауы: «BCC Invest» АҚ;

2) шығарушының бағалы қағаздарының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және онда болуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Панфилов к-сі, 98, А блогы, 5-қабат, «Old Square» БО. Телефоны: +7 (727) 244 32 32.

3) шығарушының бағалы қағаздарының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және онда болуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлғамен жасасқан шартының күні мен нөмірі:

2021 жылғы 12 мамырдағы қаржы кеңесшісі қызметтерін көрсету туралы шарт.

Бас директоры



Сейтбеков А.М.

1-қосымша. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңіндегі сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Шығарушының ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.

Шығарушы Облигацияларды орналастыру нәтижесінде тартылған қаражатты операциялық қызметті кеңейтуге жұмсауды жоспарлайды, осыған байланысты Облигациялар бойынша сыйақылар төлеу және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті ақшалай қаражат көзі Шығарушының операциялық қызметінің түсімдері болады:

Мың теңге*

Атауы	3-тоқсан 2021	4-тоқсан 2021	1-тоқсан 2022	2-тоқсан 2022	3-тоқсан 2022	4-тоқсан 2022	1-тоқсан 2023	2-тоқсан 2023	3-тоқсан 2023	4-тоқсан 2023	1-тоқсан 2024	2-тоқсан 2024	3-тоқсан 2024
<i>Негізгі борышты өтеу</i>	-	1 800 000	1 800 000	1 800 000	1 800 000	1 800 000	1 800 000	1 800 000	1 800 000	1 800 000	1 800 000	1 800 000	1 800 000
<i>Сыйақы төлеу</i>	-	792 000	792 000	792 000	792 000	792 000	792 000	792 000	792 000	792 000	792 000	792 000	792 000
<i>Өзгермелі шығындар</i>	-	-105 000	-105 000	-105 000	-105 000	-105 000	-105 000	-105 000	-105 000	-105 000	-105 000	-105 000	-105 000
Шығарушының операциялық қызметінің таза аяғы	-	2 487 000	2 487 000	2 487 000	2 487 000	2 487 000	2 487 000	2 487 000	2 487 000	2 487 000	2 487 000	2 487 000	2 487 000
Несие беру	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000	-2 250 000
Екінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың бірінші шығарылымын орналастыру және өтеу (теңгемен номинацияланған)	1 400 000	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-1 400 000
Бірінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың бірінші шығарылымын орналастыру және өтеу (АҚШ долларымен номинацияланған)	852 000	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-852 000
Екінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың бірінші шығарылымы бойынша купонды төлеу (теңгемен номинацияланған)	-	-63 000	-63 000	-63 000	-63 000	-63 000	-63 000	-63 000	-63 000	-63 000	-63 000	-63 000	-63 000
Екінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың бірінші шығарылымы бойынша купон төлеу (АҚШ долларымен номинацияланған)	-	-15 975	-15 975	-15 975	-15 975	-15 975	-15 975	-15 975	-15 975	-15 975	-15 975	-15 975	-15 975
Кезең басындағы қалдық	2 000	2 000	160 025	160 025	318 050	318 050	476 075	476 075	634 100	634 100	792 125	950 150	950 150
Соңындағы қалдық	2 000	160 025	318 050	476 075	634 100	792 125	950 150	1 108 175	1 266 200	1 424 225	1 582 250	1 740 275	1 896 300

* Облигацияларды орналастырудан түскен түсімдер сомаларын, купондық сыйақыны төлеуден және облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнынан түскен шығыстар сомасын Эмигмент тіксіз кезеңге бағалайтын төңірегін АҚШ долларына шаққандағы бағамы бойынша теңгемен қайта есептеді:

Осы қосымшада келтірілген Шығарушының ақшалай қаражаты ағындарының болжамдары қате немесе дәл емес болуы мүмкіндігі бар және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеулері өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемесіндегі өзгерістерді, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасын түсіндіруді қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік тапқылылардың нәтижелерін, пайыздық мөлшерлемелердің айырбастау бағамының өзгерістері мен басқа да нарықтық жағдайларды қоса алғанда, әртүрлі факторларға байланысты өзгеруіне жататын болжамдарға, бағалауға немесе әдістерге байланысты. Шығарушы жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың немесе өзге де негіздердің пайда болуы салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжам деректерін жаңарту үшін бұл аңдатпаға өзгеріс енгізбейді.

Пронумеровано и прошнуровано

на Орасуев

Дегя _____ страницах

Подпись _____

